Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

12 маусым 2025 жыл іс №7119-25-00-2-5347 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Н.С.Нурсапинов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» ШЖҚ РМК

ЖАУАПКЕР:
«Сапарали» Сапарали Анеля Медеуқызы ЖК

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып-алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» ШЖҚ РМК жауапкер «Сапарали» Сапарали Анеля Медеуқызы ЖК мемлекеттік сатып-алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Сапарали» Сапарали Анеля Медеуқызы ЖК мемлекеттік сатып-алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер «Сапарали» Сапарали Анеля Медеуқызы ЖК мемлекет пайдасына 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және

шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Н.С.Нурсапинов**

Құжатқа қол қойылған: Нұрсапинов Н. С., 12.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 21.07.2025, судья Нурсапинов Н. С., 25.07.2025

7119-25-3-1/5058